



# SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• [www.sargan-gazeta.kz](http://www.sargan-gazeta.kz)

• e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru)

• №11 (9565) 15 наурыз 2024 ж.

## Президент тапсырмасы:



• Мемлекет болашақта еліміздің экономикалық өркендеуіне негіз болатын ауқымды әрі инновациялық жобаларды бірінші кезекте қолдауы қажет. Осы тұста, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртумен қатар, еліміз үшін мүлде жаңа өндіріс орындарын ашуға баса мән беру керек.



• Өндірістің техникалық жағдайына да қатаң бақылау жасап отыру қажет. Кейбір инвестор тапқан табысын тек қалтаға басқанды жөн көреді. Еңбек қауіпсіздігі, экология, өндірісті жаңғырту сияқты маңызды мәселелерге мүлде назар аударылмайды.



• Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан, ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн.



• Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет.

## Аруларға айрықша құрмет көрсетілді

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» демекші биылғы Халықаралық әйелдер күніне орай аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған мерекелік кеш жылдағыдан өзгеше өтті.

Салтанатты жиында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев барша нәзік жанды әйелдер қауымына ізгі тілегін жолдап, аймағымыздың өсіп-өркендеуіне бір кісідей үлес қосушы арулардың айрықша еңбегін атап өтті. Ғалымжан Қанатұлы өңіріміздің сан түрлі саласында белсенділігімен, адал еңбегімен көзге түскен жандарға алғыс хаттар табыстап, құрмет көрсетті.



Марапат төріне белгілі бір салада ұзақ жылдар жемісті еңбек атқарған ардагерлер де, түрлі салада белсенділігімен көзге түскен нәзік

жанды мамандар да көтерілді.

Мейірімділік пен сұлулықтың, даналықтың және рухани қуаттылықтың салтанат құрған күні

аталмыш шара аясында мекеме-бөлімдердің өнерпаз басшылары, жекелеген ұжымдар жанды дауыста әуелете ән шырқаса, ауқымды экранда тапқырлық пен жылдамдық сыңға түскен қызықты ойындар ойнатылды. Сезім қылын шертетін, көңілдерді кемеріне келтіретін ескі де есті әуендерді салтанатты шараны жүргізумен бірлесе шырқаған көрермендер айрықша әсер алды. Мерекелік кеште әуезді әннен шашу шашылып, мың бұралған би ардақты аналар мен аяулы қыз-келіншектерді ерекше құрметке бөледі.

Өз тілшіміз.

## Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

**Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған. Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.**

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің



қабылдануы және ұсынылуы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-расталу арқылы

жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон»

бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

**А.БАЛАБЕКОВ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

## Мемлекеттік саясаттың басым бағыты



Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы, яғни жетістіктерді жоққа шығаратындығы, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер екелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Әлбетте, сыбайлас жемқорлықтың мәселесі бірден шешілмейді. Бірақ бұл жерде тоқтап қалуға да болмайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шын мәнісінде, бөлек пара алушыларға қарсы күреске қарағанда әлдеқайда кең. Қылмыстық қудалау немесе заңнаманы жетілдіру шараларымен ғана жағдайды өзгертуге болмайтыны ойландырады. Ауруды, оның себептеріне әсер ету арқылы ғана жазасың. Керісінше жағдайда, біз бірыңғай оның нышандарын алуға душармыз. Осы күресте ең бастысы, қоғамдық институттар мен максималды қызмет істеген кезде ғана табысқа сене аламыз.

Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Өдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілетті шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарына байланысты жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**А.ДОСАНОВ,**  
Сарқан аудандық соты  
төрағасының м.а.

## Сыбайлас жемқорлықты жою – мемлекетіміздің басты мақсаты

Қазіргі таңда, сыбайлас жемқорлықты жою біздің еліміз үшін ғана емес, барлық мемлекет үшін маңызды мәселе болып табылады. Себебі, мемлекеттің дамуы сыбайлас жемқорлықтың салдарына байланысты, ол экономика, әлеуметтік сала, саясатқа теріс әсерін тигізеді. Сонымен қатар, бұл дерт мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, қоғамда демократияны жүзеге асыруды тежеп, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді, бастысы адамдардың заңға, әділдікке, демократияға, билікке деген сенімін жоғалтады. Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – заңды айналып өту, сол арқылы өзінің материалдық пайдасын алу, жеке мәселелерін шешу болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу қоғамның белсене қатысуымен тығыз байланысты болуы тиіс, оның ішінде, мемлекеттік қызметшілерге үлкен жауапкершілік жүктелген, олар атына кір келтіретін әрекеттерге бармау керек, қоғамда бетке ұстар азаматтар болуы тиіс. Бүгінгі ұрпағымыздың алдында көптеген үлкен міндеттер тұр, үлкен буынның бізден үміттері көп, сондықтан, сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет. Осыған орай, Сарқан аудандық қазынашылық басқармасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, қызметкерлердің құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зиянды жақтарын талқылау мақсатында және олардың алдын-алу бойынша оқулар өткізіліп тұрады, қызметкерлер заңға сәйкес, шектеулерді қабылдап, жыл сайын кірістер туралы декларация өткізіп отырады. Басқармада тұрақты түрде «Сенім телефоны» 8 (72839) 2-10-75 жұмыс істейді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен хаттарына арналған жәшік орнатылған, азаматтарды қабылдау кестесі тоқсан сайын бекітіліп тұрады.

**Б.МАЛДЫБАЕВА,**

Сарқан аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.

## Основные виды коррупции

Наша республика первое государство в СНГ принявшее антикоррупционное законодательство. В Республике Казахстан о коррупции, как об опасном явлении, начали говорить с 1991 года. С 1992 года издано несколько Указов Президента, направленных на борьбу с коррупцией и организованной преступностью, в том числе исторический Указ «О мерах по усилению борьбы с организованными формами преступности и коррупцией» от 17 марта 1992 года, который стал первым политико-правовым актом, направленным на борьбу с коррупцией, заложил организационные предпосылки для борьбы с данными преступлениями.

Последние годы в Казахстане наблюдается активная деятельность в борьбе с коррупцией. Начиная с 2015 года была сформирована новая антикоррупционная стратегия Казахстана. Несмотря на принимаемые различные меры со стороны государства, достичь желаемых результатов стране все еще не удается.

Согласно документам 34-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН 1979 года, термину «коррупция» было дано следующее определение – это выполнение должностным лицом каких-либо действий или бездействие в сфере его должностных полномочий за вознаграждение в любой форме в интересах дающего такое вознаграждение, как с нарушением должностных инструкций, так и без их нарушения. В настоящее время наиболее точное и краткое объяснение коррупции предложено международной организацией Transparency International, как злоупотребление публичной властью ради частной выгоды.

Больше всего среди общества распространены такие виды коррупции, как получение и дача взяток, злоупотребление должностными полномочиями. Несмотря на снижение количества фактов получения взяток за последние три года, данное преступление остается злободневным для казахстанского общества. Не менее острым стоит вопрос и дачи взяток гражданами страны. За последние годы число такого преступления варьируется в пределах до 260 случаев, что говорит о широкой распространенности данного вида коррупции среди населения. Насущным остается и вопрос злоупотребления должностными полномочиями среди государственных служащих.

**Д. КАЛИБЕКОВ,**

и. о. начальника Аксуского межрайонного управления юстиции.

## Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

**«Ұйқым тыныш болсын десен, имансыз іс істеме, жан-жан тусті көбінесе қарақшылар, қиянатшылар, ұры-қары, жемқорлар парақорлар көреді, өйткені күндіз ұйықтап алған ұят түнде оянады. Сөйтп ұят өз иесін азапқа салады», - деп кезінде жазушы, қоғам қайраткері, шындықтың шырақшысы Ш.Мұртаза халық назарына үлкен ой салып кеткен еді.**

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шарасын қатаңдатуды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз үндеуінде баса айтты. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен күресте бүкіл қоғамның белсене ат салысып, жемқорлық жағдайларына жалпыға ортақ төзбеушілік қоғамын қалыптастыру маңызды екенін жеткізді. Сыбайлас жемқорлық заңсыз түрде ақша алу, қымбат зат немесе заңсыз көмек алу, лауазымдық жағдайды пайдаланып пайда табу сияқты жолдармен жасалады. Сыбайлас-жемқорлықтың ең қауіпті түрі-

парақорлық. Парақорлық, жемқорлық – бұл өз мүддесін ғана ойлап, заңды айналып өтіп, материалдық және заңдылық артықшылықтарын иелену. Жемқорлыққа қарсы күрес елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің биік көтеріп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күреспіз, түп тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономикалық өркендеуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуді көздейді. Сыбайлас жемқорлық індет, оған қарсы күрес міндет деп айтып жүрміз. Ендеше, оның

## Жабайы аңдар мен құстардың санақ жұмыстары

"Жоңғар Алатауы" МҰТП РММ аумағын көптеген жабайы аңдар мен құстар мекендейді. Жануарлар дүниесі қоршаған табиғи ортаның негізгі компоненттерінің бірі.

Парк аумағындағы жабайы жануарларды есепке алу жануарлар дүниесі жай күйінің сандық өзгерістерін бақылау мақсатында жүргізіледі. Жануарлар экологиясының ерекшеліктеріне ғана емес сонымен бірге мекендеу ортасының жағдайына, өсімдіктердің басым түрінің тұрақты қар жамылғысының болуына, жер бедерінің ерекшеліктеріне де байланысты жыл сайын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жабайы жануарлар санының есебі жүргізіледі.

**Есепке алудың барлық түрлері келесі тәсілдерімен жүргізіледі:**

1) маршруттық-жануарлардың барлық түрлерін есепке алу үшін. 2) Сынама алаңдарында. 3) Квартал бойынша. 4) Қысқы маршрут. 5) Ұя, ін, апан бойынша. 6) Күйлеу кезіндегі санақ жүргізу. 7) Көзбен шолу тұяқтылар, құстарды есепке алу үшін. 8) Аталығының дауыстары арқылы, балапандары бойынша саны. 9) Құстардың ұшып өту интенциалдылығы бойынша санақ. 10) Үйірлі құстар жиналған жерде. 11) Таңбалау және сақиналау арқылы. 12) Авиачет. 13) Автоматшана, мотоциклдермен. 14) Фототүзақ. 15) Сұрақ жауап арқылы. 16) Қуу арқылы. 17) Жас ерекшелігіне байланысты. 18) Құстардың тұзу сызық бойымен ұшу санақ жұмыстары қолданылады.

Санақ жүргізу санын есепке алу әдістері түрге, маусымға, мақсатына қарай жүзеге асады. Санақтың қорытындысы бойынша, жабайы аңдар мен құстардың саны құбылмалы болуы мүмкін, себебі қатарлас уақытта жабайы жануарларды қорғау жұмыстары мен биотехникалық іс-шара жүргізіледі (шөп дайындау, тұздықтарға тұз салу).

**Н.МУСАБАЛАНОВ,**  
«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ  
«Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімінің»  
аңшылықтанушысы.

шипасы – халық арасында ағарту, насихат жұмыстарын тереңінен жүргізу. Байлықты басты құндылық деп адасып жүрген азаматтарымыздың түсінігіне төңкеріс жасау. Яғни, оның сана-сезімін, сенімін, ішкі жан дүниесінің тазаруына ықпал етіп, жүрегіне иман ұялату. Біздің қоғам ақниетті, адал, намысы биік азаматтарды қажет етеді. Осы тұста, соңымыздан ерген ұрпақ тәрбиесін де ұмыт қалдырмауымыз қажет.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»- деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтып кеткендей, бір жұдырықтай болып сыбайлас жемқорлықпен күресуде бар күш-жігерімізді салуға шақырамын. Қазақстан Республикасының азаматы және мемлекеттік қызметкер ретінде қоғам жастарына үлгі көрсетіп, жауапкершілігімізді арттырып, заң мен адалдықты алға қойып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру міндетіміз екенін ұмытпайық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, оны жою әрбір адамның мемлекет алдындағы азаматтық борышы деп есептеймін. Сыбайлас жемқорлықты жеңген күнде ғана еліміз көркейіп, жаңа белестерге жете аламыз.

**Н. КУТБАЕВА,**  
К.Қазыбаев атындағы орта мектеп директоры.

# Сапалы медициналық көмек - ұлт саулығының негізі

### ТМККК жаңа моделі

ӘРБІР АЗАМАТҚА шұғыл және кезек күттірмейтін жағдайларда медициналық көмек көрсету

ТҮТАС ҚОҒАМ үшін маңызы бар ауру түрлеріне бақылау жасау

**Барлық азаматтар үшін**

- Жедел жәрдем және санитариялық авиация
- Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету
- Шұғыл стационарды алмастыратын және стационарлық көмек көрсету
- Паллиативтік көмек көрсету

**Әлеуметтік маңызы бар ауру түрлері, созылмалы аурулардың негізгі түрлері кезінде**

- Консультативті-диагностикалық көмек көрсету
- Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қантамасыз ету
- Жоспарлы стационарды алмастыратын және стационарлық көмек көрсету
- Туберкулез кезінде медициналық оңалту

### МӘМС пакеті (сақтандырылған азаматтар үшін)

ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ тұрмыс сапасын арттыратын медициналық көмек

КЕЛЕШЕК ҰРПАҚТЫҢ денсаулық негізі

**Консультативті-диагностикалық көмек көрсету**

- Дені сау ересектер арасында аурудың
- Балалардың арнайы тексерілуі
- Қымбат тұратын диагностикалық қызмет түрлері: КТ, МРТ және т.б.

**ТМККК-ден тыс аурулар кезінде амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қантамасыз ету**

**ТМККК-ден тыс аурулар кезінде стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету**

**ТМККК-ден тыс аурулар кезінде жоспарлы стационарлық медициналық көмек көрсету**

**Ересектер мен балаларды бағыт бойынша медициналық оңалту: кардиология, кардиохирургия, неврология, нейрохирургия, травматология және ортопедия**

### Новая модель ГОБМП

Помощь при экстренных и неотложных состояниях для КАЖДОГО ЧЕЛОВЕКА

Контроль над заболеваниями, значимыми для ВСЕГО ОБЩЕСТВА

**Для всех граждан**

- Скорая помощь и санитарная авиация
- Первичная медико-санитарная помощь
- Экстренная стационарозамещающая и стационарная помощь
- Паллиативная помощь

**При социально-значимых заболеваниях, основных хронических заболеваниях**

- Консультативно-диагностическая помощь
- Амбулаторное лекарственное обеспечение
- Плановая стационарозамещающая и стационарная помощь
- Медицинская реабилитация при туберкулезе

### Пакет ОСМС (для застрахованных)

Медицинская помощь улучшающая качество жизни КАЖДОГО ЧЕЛОВЕКА

Основа для здоровья БУДУЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

**Консультативно-диагностическая помощь:**

- Профилактический осмотр здоровых взрослых
- Специализированные осмотры детей
- Дорогостоящие лабораторные услуги: гормоны, витамины, онкомаркеры, антигены, ПЦР
- Дорогостоящие диагностические услуги: КТ, МРТ и т.д.

**Амбулаторное лекарственное обеспечение при заболеваниях, сверх ГОБМП**

**Стационарозамещающая помощь, при заболеваниях, сверх ГОБМП**

**Плановая стационарная помощь, при заболеваниях, сверх ГОБМП**

**Медицинская реабилитация взрослым и детям по профилям: кардиология, кардиохирургия, неврология, нейрохирургия, травматология и ортопедия**

Мезгіл мәселесі

## Туберкулездің алдын алайық



**Туберкулез** - бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез - бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының - сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

**Жұқтырудың негізгі көзі** - туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам.

### Туберкулез қалайша тарайды?

Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерімен дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тоздандырылған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін.

Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талап-

тарды сақтаса, онда ол айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе ту-беркулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

### Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

Толыққанды тамақтанудың болмауы. Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті). Маскүнемдік. Темекі шегу. Нашарлық. Ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

### Туберкулез белгілері?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел
2. Шаршау және әлсіздік
3. Дене салмағының төмендеуі
4. Температураның ұзақ көтерілуі
5. Түнде тершендік
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну
7. Қан түкіру

### Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.
3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде

бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

### Туберкулездің алдын алу шаралары

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы - күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.
2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығайуына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.
3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.
4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртіну, құю, душ.
5. Жөтел этикетін сақтау
6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.
7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау.
8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

Г.ОСПАНОВА,

Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

## Жіті ішек инфекцияларынан сақтанайық



**Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы наурыз айының мейрамдарында жаппай тамақтану уланудың және жіті ішек инфекцияларының таралуының алдын алу мақсатында бақылауды күшейту қажеттілігі туралы еске салады.**

**Қандай сақтық шараларын ұстану қажет:** жарамдылық мерзімі өткен, таңбасы анық емес немесе жоқ, ыдысында деформация белгілері бар рұқсат етілмеген сауда орындарында тамақ өнімдерін сатып алмау; ыдыс бүтіндігінің бұзылу белгілері болса, мұздатылған азық-түлікті сатып алмау; тез бұзылатын тағам мен дайын салаттарды бөлме температурасында 2 сағаттан артық сақтамау; респираторлық және асқазан-ішек ауруларының белгілері бар науқастардың тамақ дайындауына жол бермеу; үйде жеке гигиена ережелерін және ыстық, суық тағамдарды дайындау технологиясын, тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттарын сақтау; шикі және дайын өнімдерді өңдеу үшін жеке пышақтар мен кесу тақталарын пайдалану; көкөніс, жеміс-жидектерді ағынды су не қайнаған сумен мұқият жуу; салат, тартылған ет өнімдерін аз мөлшерде дайындап, бір күннен артық сақтамау; жаңа дайындалған тағамды басқа тамақтармен араластырмау; тағамдарды, әсіресе ет, құс еті, жұмыртқа және теңіз өнімдерін мұқият қуыру не қайнату; тортты тоңазытқышта сақтау; ішуге және тамақ дайындауға сүзілген суды пайдалану.

Д. КАЛЫГУЛОВ,  
Сарқан аудандық СЭББ бас маманы.

# Менің аналарым

**Адам баласына дүниедегі ең қымбат жандар туған ата-анасы. Демек, әр бала өз ата-анасының қадір-қасиетіне құрметпен және жауапкершілікпен қарап, еске алып отыруы керек. Бұл мақалада нағашы апам мен анамның елге үлгі боларлықтай өздеріне тән ғұмыр жолы, тіршілік баянын айтпақпын.**

Нағашым Мұхамади атамның әкесі Ахмет би қазіргі Сарқан ауданы, Көкөзек ауылында Шүйелердің басын қосып, билік жүргізіпті. Тұңғышы Мұхамади атамды Лепсінің Қаңай руынан шыққан Мыңбай байдың қызы Бәтші апаммен сәби кездерінде атастырып қойған екен. Ахмет бидің мың бас қойы, 200 бас жылқысы және төрт түліктің бәрі болған дейді. Би малының санын білмеген екен, малға ұлы ие болып, мал сұраған жоқ-жітіктерге аямай үлестіріп отырыпты. Сол үшін атамды ел сыйлап, жақсы көріпті. Бәтші апам 7 ұлдың ішіндегі жалғыз қыз екен, жастайынан іс машина алып беріп, іс тіккізіп, 18-ге толғанда бірақ ұзатыпты. Басқа үй шаруасын жасатпаған. Келген жерде енесі болмай, үй шаруасына епсіз келінді би атасы өзі тәрбиелепті. Үй шаруасына би атасының қалай баулығын жайлы күліп отырып қызықты естеліктер айтып отыратын.

Алғаш туылған екі ұлы жас кезінде шетінеп, Ахмет би қатты қайғырыпты. Содан апам менің шешем Нұрипаны және іркес-тіркес Жұмәділ, Сейсембек атты ұлдарын дүниеге әкелген. Екі ұлы да соғысқа қатысып, оқу оқып, үйде болмағандықтан қайынысы Әбілқасымнан Нестай әпкемді, ол бой жетіп қалғанда қызынан мені асырап алады. Екеуі де өте балажан біздің басымыздан құс ұшырмай қатты еркелетіп өсірді.

Соғыстан аман-есен келген «сіріңкедей әдемі Қабдолда деген жігіт қызымды сұрай берді» деп, ешкімнен ақылдаспай Нестай әпкемді ұзатып жіберіпті. Ұлдары соғыстан келген соң неге күйеуге бердің оқытатын едік қой деп ренжісе, апам өз шешіміне разы болып отырады екен. Нестай әпкем 8 қыз, 2 ұлдың анасы болды. Апам екі қолының саусағын көрсетіп, 10 баласы бар деп аттарын тізбектеп: «Сара, Сана, Дана, Тана, Жұмаш, Даша...» - деп мақтанып айтып отыратын.

Соғыс кезінде атам ауылдың малын басқарып, апам бүкіл ауылдың ісін тіккен. Біздің үйде күнде үй шаруасын жасап үнемі бір әйел жүретін, өйткені апам соның киім-кешегін тігетін. Атам ондатр, түлкінің

терісін әкеліп беретін. Апам елтірі, қойдың терісін өңдеп, түлкі тымақ, ішік, тон, қалың шалбар, малақай тігуші еді. Іш киімнен бастап, киімнің барлық түрін тігетін.

Атам пен апам Жұмәділ нағашымның келісімінсіз, өзімен бірге істейтін Әмен деген мұғалім қызға құда түсіп, алып берді. Олардан Сақай, Алтай, Рай, Айжан, Бекжан, Біржан, Тәкен атты 6 ұл, 1 қыз туылды. Атам мен апам бәрімізді айналып-толғанып еркелетіп өсірді. Апам барлық немересін жасқа толысымен бауырына басатын. Екеуінің айналасына жататынбыз. Біз «атамның баласымын, апамнан туғанмын» деп өстік. Өз әке-шешемізді айтса, үлкендері ашуланып, кішілері жылайтын. Апам бәрімізге бастан-аяқ киім тігіп беретін. Мен мектепті апам тіккен пальтомен бітірдім. Пальтомы апам тіккен десем ешкім сенбейтін. Мұғалім келініне ателье тіккендей помбарқыттан, крепдешиннен көйлек тігіп беретін.

Шешем екеуі жаз бойы алаша тоқитын. Жаздай тағы көршілердің көмегімен киіз бастырып текемет, сырмақ жасайтын. Апам оюшы еді, ешқандай үлгісіз симметрияны сақтап ою оятын, елге де ойып беретін. Немерелерінің әрқайсысына үйленгенде беремін деп, төсек-орын даярлап, тең қылып буып, кілетке тізіп жинап қоятын.

Шешем қыстай түскиіз кестелеп, қара барқытқа қызыл барқытты оюластырып төсеніш, түскиіз жасаушы еді. Түбіт, түйе, ангор жүнін тауып алып, түрлі киімдер тоқып балаларын, туыстарын жамтамасыз ететін. Екеуі де құрақ құрап, елге де құрап беретін. Апам өрнек салып ши де тоқушы еді. Елдер апамды іс қана тігетін деп ойлайтын. Бірақ апамның қолынан көп нәрсе келетін. Соғымға бір жылқы, бір сиыр союшы еді. Көктемде сүйектерді жайнатып, сүйек майын алатын, сабын жасайтын, буға шидің үстіне қалаш пісіретін. Тамақты да дәмді жасаушы еді. Үйден қымыз арылмайтын. Апам тағы да бес уақыт намазын қаза жібермейтін.

Апамның тағы бір ерекше қасиеті – құйма құлақ зеректігі. Барлық немерелеріне 1 сыныпта оқып жүрген



кезден-ақ батырлар жырын, айтыстарды, әсіресе Абай өлеңдерін көп оқытатын. Абай өлеңдерін тыңдап отырып: «жарықтық-ай, қалай айтқан», - деп сүйсініп отырушы еді және көп өлеңдерін жатқа білетін. Шалы мен келінінің келеңсіз қылықтарын Абай өлеңдерімен шенеп, екеуін ашуландырып, өзі мәз болып отырушы еді.

Біздің үйге шалдар жиі жиналады, қазіргілер сияқты күйкі әңгімелер айтпайтын. Айтатындары – аңыз-әңгімелер, бастарынан өткен уақиғалар, Қабанбайдан бастап батырлардың ерліктері әңгімеленетін. Кейде дауласып қалатын. Інім Сақай екеуіміз елеусіз отырып әңгімелерін тыңдайтынбыз.

Апам іс тігуден қалған соң қыздарын, немерелерін аралап қонақ болып жүрді. Шөберелерін айналып, қасына алып жатушы еді. Нестай әпкем жиі алғызып қонақ етіп, қыздары үйіне қайтармай, асты-үстіне түсіп күтетін. Нестай әпкем де ісмер, өте пысық еді. Сегіз қызына құрағын құрап, жасауын жасап, жалғыз өзі-ақ жасауларын беріп отырды.

Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады деген бар емес пе. Ахмет биден тараған ұрпақтарының бәрі дерлік жоғары білімді. Біразы мектепті алтын медальға бітіріп, қызыл диплом алғандары да баршылық. Нұрипа қызының үш баласы жоғары білімді. Ұлы Құмар парторг болып істеді. Менің де үш балам жоғары білімді.

Қызым Гүлназ Алматыда, С. Ходжиков атындағы лицейде ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары. Қызым Жанар коррекциялық орталықта медицинамен байланысты білікті психолог. Бауырым Құмардың екі қызы мектепті үздік бітіріп, үлкен қызы Ғалия политехникалық институтты бітіріп, кіші ғылыми қызметкер болып істеген. Ғалия екеуімізге апамның іскерлігі қонған. Ғалияның тіккен киімдері, бұйымдары фабрикадан шыққандай. Ғалияның бір ұлы, бір қызы мектепті де, жоғарғы оқу орнын да үздік бітіріп, ұлы аудармашы, қызы корей тілінен университетте сабақ береді. Кореяға барып тұрады.

Жұмәділ нағашымның үш ұлы-инженер, бір ұлы-математик, педагог. Алтай деген ұлы-журналист, педагог, суретші, ағаштан түйін түйетін шебер, асабалығы да бар еді. Бекжан орысша, қазақша жазатын ақындығы бар, бірнеше кітаптың авторы, келелі мәселелер туралы баспасөз беттерінде мақалалары шығып тұрады. Елге көмек қолын созғыш, ақкөңіл адам. Үлкен ұлы Сақайдың үш қызы, Біржанның екі баласы-бәрі Атырауда, бірі аудармашы, бірі инженер болып істейді. Бір қызы жұмыс бабымен Австралияда тұрады.

Апамның Қисық, Шеге деген егіз інісі болған. Егіздік те тұқым қуады дейтін. Кіші немересі Тәкенде екі ұл, Инжу, Маржан деген егіз қызы бар. Тәртеуі де жақсы оқу орындарын бітіріп, Алматыда жұмыс жасайды, үйлері бар. Екі ұлы үйленген, балалары бар.

Кіші нағашым Сейсембек ҚазГУ-ді Сталиндік стипендиямен 1947 жылы бітірген, журналист, жазушы, аудармашы. Аудармашылар ассоциациясының президенті болып істеді. Екі қызы Нәйлә, Ләйлә ғылым докторы, кіші қызы Айгүл-юрист. Ләйлә ҚазГУ-ді М. Әуезов атындағы стипендиямен бітірген. Профессор, көптеген монографиялардың авторы. Ләйләнің 2 қызы, 1 ұлы бар. Ұлы атасы мен анасының жолын қуған-жазушы, аудармашы. Екі қызы Америкада тұрады. Өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы, педагог ата-анасының және жүректері мейірімге, кеудесі қазынаға толы, көңілдері кең ата мен апасының тәрбиесімен өскен ұрпақтары мейірімді, тәрбиелі, әсіресе отбасына, яғни алған жарына өте адал болғандығына тәнті боламыз.

Апам өмірі дәрігерге қаралмай, дәрі ішпей, ауырмай-сырқамай 91 жасында 1984 жылы өмірден озды.

Қазір атам мен апамның немере, шөбере, шөпшектері мәуелі ағаштай тамырын кеңге жайып жемісі жайқалуда.

**Б. КЕСІКБАЕВА,**  
зейнеткер-ұстаз.



## Өткеннің өнегесі – бүгіннің баға жетпес байлығы

Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойғы тіршілігінде өзіндік мәдениеті ретінде анықталатын рухани құндылықтарды жасап, жинақтап, шашауын шығармай сақтап келеді. Халқымыздың өзіндік салт – дәстүрі, әдеп – ғұрпы, әлеуметтік байланыстары атадан балаға мирас ретінде берілуде. Сол ғасырдан-

ғасырға мирас болып келе жатқан құндылығымыздың жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында Мұқан Төлебаевтың мемориалды музей қызметкерлері жуырда қазақтың дәстүрлі тұрмысына арналған «Өткеннің өнегесі – бүгіннің баға жетпес байлығы» атты тақырыпта көрме өткізді. Көрмені Ушинский атындағы орта

мектебінің оқушылары мен мұғалімдері келіп тамашалады. Көрмеге музей қорына жинақталған қазақ халқының көне тұрмыстық заттары саба, күбі, торсық, саптаяқ, жезлеген, тас диірмені, самауырын, ертоқым, композитор Мұқан ағамыздың отбасында да қолданылған көне тұрмыстық бұйымдар қойылып, олардың тарихы айтылып насихатталды. Солардың ішінде ағаштан еменнен, қайынан (астау, ожау, келі, күбі), Астау – халқымыздың байырғы уақыттан бастап қолданып келе жатқан ас тұтынатын бұйымы болып табылады. Астауға тек қана ет салып қана қоймай палау, қуырдақ және қойдың басын тартуға болады, керсен – ағаштан жасалған шұңғыл табақтың үлкені. Ағаштан жасалған тегеш, шара, дөңгелек пішінді, ішіне бір қойдың еті тұтас сиятындай кең ыдыс. Жиегіне өрнек жүргізіп, қобылайды. Үлкен керсеннің екі жағында тұтқасы болатыны, малдың жылқының, ешкінің терісінен (торсық, саба) Саба – қымыз, шұбат ашыту, іркіт пісу үшін пайдаланылатын, мал терісінен тігілетін ыдыс, металдан мыстан, жезден (леген, құмған, таба, самауырын) музей қорындағы самауырымыз мыстан жасалған, оттықты, қос құлақты, шүмекті, төрт аяқты, қақпағында бу шығаратын саңылауы бар. Бұл ыды-

спен Мұқан Төлебаев талай рет анасы Тәжібала Ақшалқызының қолынан өлке тарихын, өнерін әңгімелесіп отырып шай ішкен. Әсіресе, 1958 жылы ҚазССР Жоғары советіне кандидатқа ұсынылып туған ауылына достары, опера әншісі Құрманбек Жандарбеков, актер Қанабек Байсейітов, ауылдасы, жас композитор Еркеғали Рахмадиевтармен бірге келгенде де осы сары самауырымен шай ішіп, ауыл халқымен диалогтасқан. Бұл экспонатты 2013 жылы композитор Мұқан Төлебаевтың 100 жасқа толуына орай жинау жұмыстары кезінде Мұқан Төлебаевтың інісі, сол кездегі «Үлгі» колхозын басқарған Әлім Төлебаевтың қызы педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жамаш Төлебаева музей қорына берген. Бұл экспонат композитор отбасынан сыр шешетін асыл мұра.

Осындай құнды экспонаттар негізінде құрылған көрмеден көрермендеріміз тарихи тұлғалардың қолданған бұйымдарымен кеңінен танысады. Олардың көкейінде қазақ халқының тарихына осындай із қалдырсам деген ізгі мақсат ұялайтыны сөзсіз.

**Ә. ЖҰМБЕК,**  
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

# Всемирный фестиваль молодежи в Сочи «Начнем будущее вместе»

С 1 по 7 марта 2024 года в городе Сочи прошел Всемирный фестиваль молодежи. На ВФМ 2024 года впервые прошла Детская программа «Начнем будущее вместе». На базе образовательного центра «Сириус» по итогам конкурса была отобрана тысяча детей – 500 иностранных и 500 российских ребят с 14 до 17 лет. Я участвовала в отборе на ВФМ, по результатам которого вошла в состав детской делегации от Казахстана, всего 30 детей. Я единственный участник от области Жетысу.

Как и взрослые участники, мы проходили процесс конкурсного отбора, только он был несколько сложнее. В соответствии с высокими требованиями образовательного центра «Сириус» мы проходили тестирование, индивидуальное собеседование, представляли свое портфолио и видео-визитку. За счет организаторов ВФМ нам был организован проезд в Сочи, питание, проживание в гостинице, доступ на все образовательные, культурные и спортивные мероприятия, сувенирная продукция.

Площадка ВМФ-2024 собрала 20 тысяч участников из 188 стран мира. В день прилета в Сочи я с другими участниками зарегистрировалась в Международном аэропорту ВФМ, прошла аккредитацию, сдала ПЦР-тест, получила бейдж – пропуск на все локации ВФМ, для комфортного пребывания в России нам для связи выдали местную симкарту, а для оплаты банковскую карту. Нам всем выдали фестивальную уникальную мерч, в который входила экипировка, символ фестиваля Чебурашка и другие приятные мелочи с эмблемой ВФМ. Всех участников детской программы разместили в образовательном центре Сириус.

Каждый день ВФМ был посвящен определенному смыслу, который соответствовал всем мероприятиям в этот день: 2 марта - «Ответственность за судьбы мира»; 3 марта - «Многонациональное единство»; 4 марта - «Мир возможностей для каждого»; 5 марта - «Сохраним семью во имя детей и мира»; 6 марта «Мы – вместе с Россией».

Каждое утро нас ждала невероятная мотивация и энергия: утренняя зарядка. Я попала на зарядку с Евгенией Медведевой, российской фигуристкой, двукратной чемпионкой мира. Эмоции от встречи со звездой спорта обеспечили мне заряд бодрости на весь день!

